

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру жөніндегі шаралар хабарламаға жауап бермеген және/немесе тәуекелдерді басқару жүйесін талдау және қолдану үшін қажетті құжаттардың базалық тізбесін ұсынбаған салық төлеушілерге қатысты ғана қолданылатын болады.

Бұл іс шаралар нәтижесінде шағымдар көлемін азайту және тексеріс үдерісін салық төлеушілер үшін жеңілдетуді көздейді және де жоғарыда айтылған шағымдардың қарастырылуының бірден бір міселесі шешіледі. Осы деректерге сүйене отырып камералдық тексері қазіргі кезде салықтық бақылаудың актуалды жолдарының бірі екенін айтсақ болады.

Пайданылған материалдар тізімі

1. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 534-бабы.
2. Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 587-бабы.
4. Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 95-бабы.
5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік бұзушылықтар туралы Кодексінің 288-бабы.
6. «Ақмола облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-нің 2019, 2020, 2021 жылғы камералдық бақылау қорытындылары

ӘОК 336.63

АГРОҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сарбасова Райхан Серікқызы

sraikhan_81@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің докторанты, Астана қаласы,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – э.ғ.д., профессор Нұрымов А.А.

Ауыл шаруашылығы кез-келген елдің экономикасында маңызды орынға ие. Бұл тек азық-түлік қауіпсіздігі, салықтардың түсімі ғана емес, сонымен қатар миллиондаған жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін сала. Сондықтан аталған саланың жұмысы мемлекет тарапынан реттелуі тиіс. Бұл ретте реттеуді қандай-да бір шектеулер қою емес, алдымен түрлі әдістер арқылы ауыл шаруашылығын ынталандыру ретінде қарастырған жөн.

Нарықтық экономика мемлекеттік реттеумен толықтырылған әлеуметтік бағдарланған экономика болып табылады. Ал қаржы нарықтық қатынастардың құрылымында да, оларды мемлекет тарапынан басқаруда да үлкен рөл атқарады, яғни нарықтың ажырамас бөлігі, мемлекеттік саясаттың маңызды құралы. Тұтастай алғанда елдің тиімді нарықтық экономикасын, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласын құрудағы ерекше рөл ең маңызды сегмент болып табылатын ауыл шаруашылығы қаржысына тиесілі.

Ауыл шаруашылығы қаржысы - жиынтық қоғамдық өнім мен ұлттық кірісті бөлуге және қайта бөлуге, пайда табу мақсатында аграрлық секторды дамыту үшін пайдаланылатын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларын құруға байланысты экономикалық қатынастар. [1]

Ауыл шаруашылығы саласындағы экономикалық қатынастар түрлі ұйымдық-құқықтық формада ұйымдастырылған кәсіпорындар арқылы атқырылады.

Сату және табыс табу мақсатында ауылшаруашылық өнімін өндіретін кәсіпорындар ауылшаруашылық тауарын өндірушілер болып табылады. Бұл кәсіпорындар түрлі меншік формаларында болуы мүмкін, Қазақстанда ауылшаруашылығы тауарын өндірушілер мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындар, ұжымдық кәсіпорындар, сондай-ақ жеке фирмалар - фермерлік (шаруа) қожалықтар, қосалқы шаруашылықтар болып табылады. [2]

Өндіріс қызметін жүзеге асыру үшін ауылшаруашылық тауар өндірушілері өндіріс факторларын пайдаланады. Ауыл шаруашылығындағы негізгі өндіріс факторлары: жер, еңбек, материалдық ресурстар және ақшалай қаражаттар. Өндірістің тиімділігі өндіріс процесінде жеке факторлардың үйлесімді арақатынасына тәуелді.

Айта кету керек, ауылшаруашылық өндірісі табиғаты бойынша өндірістің басқа түрлерінен ерекшеленеді, өйткені ол тірі организмдермен - жануарлар мен өсімдіктермен айналысады және еңбек процесінде жерді негізгі, басқа ешнәрсемен алмастырылмайтын өндіріс құралы ретінде пайдаланады. Сондықтан ауыл шаруашылығында, сондай-ақ ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржысын ұйымдастыруда табиғи-климаттық және табиғи-биологиялық қатынастармен анықталатын бірқатар ерекшеліктер бар:

- Биологиялық еңбек ресурстарының (тірі организмдер) қолданылуы;
- Өндірістің басты құралы – жер ресурстары;
- Ұдайы өндірістің экономикалық процесі табиғимен тығыз байланысты;
- Жер-климаттық жағдайға тәуелділігі;
- Су ресурстары;
- Жұмыс істеу кезеңі мен өндіріс уақытының сәйкес келмеуі;
- Дайын тауар түрлерін алуға мамандандырылады;
- Дайын өнім өндірістің келесі циклына өндіріс құралы ретінде енгізіледі. [3]

Табысты жұмыс үшін кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы тауар өндірушіге тұрақты ақша ағыны, немесе қаржылық ресурстар қажет.

Қаржы ресурстары - шаруашылық жүргізуші субъектінің қарамағында және міндеттемелерді орындауға, кеңейтілген ұдайы өндіріске және қызметкерлерді экономикалық ынталандыруға арналған шығындарды жүзеге асыруға арналған ақшалай кірістер мен түсімдер. Агроқұрылымдардың жұмысының табиғи климаттық жағдайларға тәуелділігі, шаруашылықтардың ұсақтығы, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамымағандығы, банктік несие ресурстарының қымбаттығы, мемлекет тарапынан берілетін субсидияларға барлық шаруашылықтың бірдей қолының жете бермеуі қаржылық ресурстардың тапшылығын туындатады, тапшылық өз кезегінде агроқұрылымдардың қаржылық жағдайының нашарлауына әкеліп соқтырады.

Қазіргі жағдайда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсаттарының бірі әрбір ауыл шаруашылығы ұйымының қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу болып табылады. Бұл ретте нарықтық экономика жағдайында оның жұмыс істеуі кезінде туындайтын дағдарыстық жағдайлар жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі және төлем қабілетсіздігінің немесе экономикалық дәрменсіздіктің (банкроттықтың) туындауына әкелуі мүмкін. [4]

Ауылшаруашылық ұйымдарындағы дағдарыстық жағдайлардың теориялық аспектілерін және олардың ерекшеліктерін зерттеу - бұл өзекті міндет, оны шешу процесстерді дұрыс түсінуге және қаржылық сауықтыру бойынша қажетті шараларды әзірлеуге негіз болады.

Дағдарыс жағдайы көбінесе кәсіпорынның өндіріс шығындары мен өзіндік құнының өсуімен, сатудан түскен түсімдердің, меншікті айналым қаражатының мөлшерінің төмендеуімен, төлем қабілетсіздігінің туындауымен, қарыз қаражатының, кредиторлық берешектің, мерзімі өткен міндеттемелердің өсуімен, өсімнің баяулауы немесе жалақының төмендеуі, қызметкерлердің қысқаруынан байқалады және мұндай ұйым орналасқан

аймағында әлеуметтік шиеленіс ошағын тудыруы мүмкін. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өздерінің спецификалық ерекшеліктері мен сыртқы факторларға тәуелділігі есебінен дағдарыстық жағдайларға жиі ұшырау қауіпі бар. Яғни қаржы жағдайы тұрақсыз және төлем қабілетсіз кәсіпорындар саны арту ықтималдылығы жоғары. Сондықтан аталған сала кәсіпорындары басшылары дер кезінде шешім қабылдауын, шығындарды тиімді жоспарлауын, мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ете алуы тиіс.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша еліміздің ауыл шаруашылығы саласында 19653 заңды тұлға, 29362 жеке кәсіпкер, 230247 шаруа немесе фермер қожалығы, 1620574 үй шаруашылықтары тіркелген. Алайда кәсіпорындардың 16469, жеке кәсіпкерлердің 25719, шаруа қожалықтарының 220578-і ғана жұмыс істейді. Келесі кестеде соңғы үш жылдағы ауылшаруашылық құрылымдарының өзгерісін қарастырамыз.

1-кесте. Ауылшаруашылық құрылымдары

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер	01.01.2020 ж.		01.01.2021 ж.		01.01.2022 ж.		2022/2020жж. салыстырғандағы өсімі, %	
	Тіркелгені – барлығы, бірлік	Оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны, бірлік (%)	Тіркелгені – барлығы, бірлік	Оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны, бірлік (%)	Тіркелгені – барлығы, бірлік	Оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны, бірлік (%)	Тіркелгені – барлығы	Оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны, бірлік
Ауылшаруашылық кәсіпорындары (заңды тұлғалар, филиалдар, өкілдіктер)	17403	13937 (80,1)	18631	15050 (80,8)	19653	16469 (83,8)	112,9	118,2
Жеке кәсіпкерлер	30195	26918 (89,1)	35042	31717 (90,5)	29362	25719 (87,6)	97,3	95,5
Шаруа/фермер қожалықтары	219449	211740 (96,5)	225030	216482 (96,2)	230247	220578 (95,8)	104,9	104,1
<i>Дереккөз:</i> ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері https://www.stat.gov.kz/								

Ұлттық статистика бюросының жоғары кестедегі мәліметтері бойынша ауылшаруашылық кәсіпорындарының санының жыл сайын артып жатқанын байқап отырмыз, сондай шаруа қожалықтарының саны да көбеюде. Алайда кәсіпорындардың орта есеппен жиырма пайызы жұмыс істемейтіндер қатарында. Бұл жоғарыда аталған түрлі факторлардың әсерінен болуы мүмкін. Елімізде шаруа қожалықтарының саны едәуір басым және жұмыс істеп тұрған шаруа қожалықтарының саны да орта есеппен 96 пайыз. Келесі кестеде осы шаруашылық санаттары бойынша ауылшаруашылық өнімінің құрылымын қарастырайық.

2-кесте. Шаруашылық санаттары бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымының құрылымы

	2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.		2022/2020жж. салыстырғандағы өсімі	
	млн теңге	үлесі, %	млн теңге	үлесі, %	млн теңге	үле сі, %	млн теңге	%
Шаруашылық санаттары бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы	5177893,7	100	6363976,1	100	7549827,9	100	2371934,2	145,8
Ауылшаруашылық кәсіпорындары	1293980	25	1699610,7	26,7	1927748,2	25,5	633768,2	148,9
Жеке кәсіпкерлер және Шаруа/фермер қожалықтары	1607788,5	31,1	2033585,4	32	2420164,4	32,1	812375,9	150,5
Жұртшылық шаруашылықтары	2276125,2	43,9	2630780	41,3	3201915,3	42,4	925790,1	140,7

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері <https://www.stat.gov.kz/>

Шаруашылық санаттары бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 2021 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 45,8 пайызға өскен. Жалпы шығарылымның басым бөлігін жұртшылық шаруашылықтары өндірген. Жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары 30 пайыздан астам үлесін өндіріп, қалған бөлігін ауылшаруашылық кәсіпорындары құраған.

Жоғарыдағы мәліметтер негізінде еліміздің ауыл шаруашылығында шағын шаруашылықтар санының басым екендігін көріп отырмыз. Ал шағын және орта фермерлер өз қызметін ресурстарды өндіру мен пайдаланудың индустриялық көлеміне негіздейтін ірі мамандандырылған кәсіпорындар тарапынан бәсекелестікке көбірек тап болады. Бұл тенденциялар шағын өндірушілер үшін маңызды сынақ болып табылады және саланы дамытуға көмектесу қабілетіне күмән келтіреді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі проблемаларының бірі жалпы өнім өндіру деңгейі төмен шағын тиімсіз шаруашылықтардың агроқұрылымдарының құрылымында басымдық болып табылатыны. Қазақстанның аграрлық саласында бәсекеге қабілетті және тауар өнімін үлкен көлемде өндіре алатын ірі тауар шаруашылықтарын құру қажеттігі анықталды.

Ресей экономисті Н.А.Борхуновтың пікірінше, ресурстардың әртүрлі түрлерінің (жер, еңбек, материалдық және қаржылық) жиынтығы және оларды пайдалану дәрежесі бойынша орта және ірі кәсіпорындар тобы артықшылықтарға ие. Олар өндіріс ауқымында жоғары тиімділік жасай алады. Ірі өндіріс жыл бойына өз жұмысшыларын біркелкі жүктейді, олардың жалақысы басқа шаруашылықтарға қарағанда жоғары. Шағын және микро ауылшаруашылық кәсіпорындарында ресурстық әлеуеті төмен, өйткені өндіріс ауқымы салыстырмалы түрде аз.

[5]

Екінші мәселе - ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасы, көптеген ауылшаруашылық техникасының тозығы жеткен. Барлық құрылымның жаңа техниканы бірден сатып алуға мүмкіндігі жете бермейді.

Үшінші мәселе – меншікті қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі, ал сырттан тартылатын ресурстардың қымбаттығы және қолжетімділіктің біркелкі еместігі.

Келесі мәселе - цифрландыру деңгейі және мамандар тапшылығы. Ауылдық жерлерде интернет желісінің болмауы немесе қажетті цифрлық технологиялардың жоқтығы, сондай-ақ білікті мамандардың тапшылығы агроқұрылымдардың қызметін шектейтін факторлар қатарына жатады.

Осы және басқа да көптеген тежегіш себептерден агроқұрылымдардың қаржы жағдайы төмендеп, жұмысты ары қарай жүргізуге ынталанбайды. Яғни жоғарыда аталған мәселелерді шешуге мемлекет тарапынан қолдау қажеттілігі туындайды. Қаржылық жағдайы төмендеген немесе қаржы ресурстары тапшы құрылымдар біртіндеп банкротқа ұшырайды. Бұл саланың дамуына кері әсерін тигізеді. Осы орайда қаржылық сауықтыру шараларын қолдану саланы дамытудың бір мүмкіндігі десек болады.

Қаржылық сауықтыру кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің төлем қабілеттілігін, қаржылық тұрақтылығын және тиімділігін арттыру үшін іс-шаралар кешенін пайдалануды талап етеді және осы мақсатта таңдалған әдістер негізінде қаржылық сауықтыру стратегиясын, тиісті бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеуді көздейді.

А.Л.Ходенков аталған мәселе бойынша келесідей анықтаманы ұсынады: «Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын қаржылық сауықтыру заңнамалық актілерді түзетуге, шаруашылықтардың ұйымдық құрылымын жетілдіруге, олардың қарыздарын қайта құрылымдауға, ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қаржылық қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды білдіреді» [6]

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысымен бекітілген "Агробизнес-2020" бағдарламасында АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру қарастырылған болатын. Қаржылық сауықтырудың нәтижесі туралы 2022 жылдың 15 желтоқсанында өткен Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде Ауыл шаруашылығы вице-министрі Е.Көшербаев мәлімдеді: «АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шаралары 25 мыңға жуық жұмыс орнын сақтап қалуға көмектесті. Қазір тиісті жұмыс жалғасуда. Қаржылық сауықтыру шараларының бірі ретінде аграрлық компаниялардың банкроттық рәсімі қарастырылуда. Банкроттық - бұл шаруашылық жүргізудің бір түрі, бұл кәсіпорын банкроттыққа ұшыраса, ол жұмыс істемейді дегенді білдірмейді. Әрине, біздің ірі агрохолдингтеріміз қазір осындай жағдайда. Қаржылық сауықтыру шаралары бізге және осы компанияларға өз қызметін жалғастыруға көмектеседі».[7]

Екінші деңгейдегі банктерден және басқа қаржы институттарынан алынған қандай да бір себептермен өз кредиттері бойынша есептеле алмайтын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылық қолдау қағидаты мынадай болып табылады. "ҚазАгро" Холдинг проблемалық қарыздар бойынша орналастырылған қаражаттың 7% мемлекет субсидиялар түрінде өтейтінін ескере отырып, теңгемен жылдық 3%-дан аспайтын мөлшерде пайыздық мөлшерлемесін белгілейді. Бұдан әрі ҚазАгро АӨК субъектілерінің міндеттемелерін жылдық 7%-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жаңа кредиттік шарт жасасу арқылы қайта қаржыландырады. Қаржылық сауықтыру шеңберінде кредиттерді қайтару мерзімі 9 жылға дейін ұзартылады, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептен шығарылады.

Қорытындылай келе, агроқұрылымдарды қаржылық сауықтыру қажетті іс-шаралар қатарына жатады. Себебі көптеген шаруашылықтар қаржы ресурстарының жетіспеушілігінен немесе қарыздарын өтей алмауынан өз қызметтерін тоқтатуға мәжбүр болады. Ал мемлекет тарапынан атқарылып жатқан қаржылық сауықтыру жұмыстары жалпы ауыл

шаруашылығының жағдайын көтеруге, шаруашылықтардың тиімді қызмет етуіне, жұмыс орындарын сақтап қалуға септігін тигізері сөзсіз. Өз кезегінде дамыған ауыл шаруашылығы елімізді қажетті өнімдермен қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатының артуына алып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Магомедова П.А. Учебное пособие по дисциплине «Финансы сельского хозяйства» для направления подготовки 38.03.01 Экономика, профиль «Бухгалтерский учет, анализ и аудит». – Махачкала: Типография ДГУНХ, 2019.- 210с.
2. Абдильлин С.А. Организация агробизнеса. Учебник, Алматы: -Казгосагро, 2001, 456 б.
3. Петренко И.Я. и др. Экономика крестьянского (фермерского) хозяйства/ И.Я.Петренко, П.И.Чужинов, С.Б.Исмуратов. –Алматы: Кайнар, 1993. – 368 с. 4-6 стр
4. Метлицкий В. Теоретические аспекты кризисных ситуаций в сельскохозяйственных организациях. // Аграрная экономика. 8/2022. с.69-76
5. Родионова О.А., Гребенькова О.А., Копытина О.Т., Шуваева Т.Г., Кравец Е.О., Гончаренко О.В., Борхунов Н.А., Здоровец Ю.И. Крупные и малые агроформирования: анализ, тенденции развития и механизмы взаимодействия. Экономика, труд, управление в сельском хозяйстве №4(17) декабрь 2013г. стр.99-103
6. Hodenkov, A. Financial recovery of enterprises of the agro-industrial complex of the Republic of Belarus / A. Hodenkov, R. Ursan // Danish Scientific Journal. – 2019. – № 28. – P. 22–25
7. [Меры финансового оздоровления субъектов АПК в РК помогли сохранить 25 тысяч рабочих мест. 19.03.2015 \(nomad.su\).](#)

USE OF BLOCKCHAIN TECHNOLOGY IN AVIATION

Sadvakassova Kamilla

Kamilla.Sadvakassova@gmail.com

3rd year doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Ademi Sabidullina

Sabidullina96@inbox.ru

3rd year doctoral student Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Scientific supervisor – Azhar Nurmagambetova

Introduction

There is a real boom of fintech startups in the world. There are eight fintech companies in the list of the 20 largest non—public unicorns in the world. In the first quarter of 2021 alone, fintech companies around the world raised \$22.8 billion - twice as much as a quarter earlier, according to the materials of the analytical company CB Insights. In the US, according to CB Insights, fintech companies raised \$12.8 billion in the first quarter of 2021, which is 220% more than in the same period of 2020. The average estimate of the 11 largest fintech companies in the United States on June 8, 2021 according to the American Forbes is \$19.5 billion, which is twice the average of last year.

American Forbes writes: in 2020, the assessment of the largest fintech startups in the United States has doubled or even tripled. 20 companies from the Forbes Fintech 50 list are newcomers, most are engaged in personal finance. One of such companies is the online broker Robinhood Markets, which on July 19 filed papers for an IPO with the U.S. Securities and Exchange Commission, brokers plan to raise more than \$ 2 billion and expect that the market value of the company will increase to \$ 33 billion.